

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару мектебіне тыңдаушылар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 4 сәуірдегі N 484

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару мектебіне бір жылдық оқу циклына (1997/98 оқу жылы) 25 адам санында және екі жылдық оқу циклына (1997/99 оқу жылы) 30 адам санында тыңдаушылар қабылдау жариялансын. Мектепке қабылдау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Премьер-Министрдің Кеңсесінде, Парламент, Жоғарғы Сот және басқа да соттар Аппараттарында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінде, Орталық сайлау комиссиясында, министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарда, жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар мен әкімдер аппараттарында мемлекеттік лауазымдарда қызмет атқаратын азаматтар, Ұлттық Банк қызметкерлері, оның органдары мен бөлімшелері, екінші деңгейдегі мемлекеттік банк қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер мен аспиранттар, сондай-ақ "мемлекеттік және муниципальдық басқару", "мемлекеттік қызмет", "экономика және менеджмент" мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын бітірушілердің есебінен жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық

Жоғары Мемлекеттік Басқару мектебі белгіленген квота шегінде (55 адам) 11 тыңдаушыны қабылдауды ақылы оқыту негізінде жүргізуді шешсін.

Тыңдаушыларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша, ал ақылы оқуға түсушілер ауызша емтихан нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК